

## ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ философиясының бастау бұлағы ежелден негізделіп, өзінің кейбір тарихи шектеулеріне карамастан ұлтымыздың жарасымды дамуына, философиялық ой-санасының өсуіне гуманистік рух, рухани мол азық берді. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ежелгі философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы өзінің, көл-көсір молдылығымен де, тарихи деректілігімен де, дүниетанымдық әрекеттілігімен де халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады. Әрбір халық «Өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» – дейді белгілі түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилев [1].

Мәдениеттің, философияның, салт-дәстүрдің дамып өзгеруі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамып өзгеруімен тығыз байланыста. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетін, философиясын, оның тарихын зерттеу үшін мәселені ата-бабаларымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігінің, рухани табиғи болмысының аясында қарастырғанымыз жөн.

Қазақ философиясының калыптасу мәселесі және оның миф, дін көркемдік образды ойлаудан бөлініп шығуы қазақ философиясының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе соңғы кезде философия әлемінде үлкен орын алып, жанды ғылыми айтыстар, тартымды пікірталастар туғызуда. Қазақ философиясына арналған әдебиеттерде бұл мәселе өте аз қамтылған, әлі зерттелінбеген тың тақырыптардың бірі болып отыр. Философияның ұлттық генезисін түсіндірмей және сананың алғы философияға қатынасын зерттемей философия пәнінің мазмұнын оның рөлі мен мәнін қоғамдық сананың ерекше спецификалық формасы екенін анықтау айтарлықтай қиындыққа түсер еді.

Мәселен, ежелгі үнді, қытай және грек философиясының генезисін анықтау, олардың алғы философиялық сананың формаларына деген арақатынасын анық түсіну, әрқайсысының ерекшеліктері мен олардың даму заңдылықтарының құрылуына мүмкіндік береді. Бұл Көне шығыс пен ежелгі грек философиясын, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың өркениеттілігін де салыстырмалы түрде оқып білудің алғышарттары болып табылады. Өркениеттің рухани аспектісінің кең ауқымда болғандығы соншама

оның Шығыс қоғамындағы орны Батысқа қарағанда мүлдем өзгеше.

«Бұрынғы әлемдік философия тарихының қазіргі мәселе қою жағдайынан өзгешелігі сол, онда еуропацентризм үстемдік алады. Ол Батыстағы шешімді асырып жіберіп, Шығыс философиясын теріс бағалады. Бұған сенсек, Шығыста барлық уақытта бір түрлі философия өмір сүрген» [2]. Бірақ, бұл солай ма? Олай емес. Өркениет, философия, мәдениет Шығыста да Батыстағыдай әркілі жолдармен жүріп, дамып келді. Бұл алшақтық Шығыстың қоғам дамуының ерекшелігінен көрінеді. Яғни бұл мәдениеті мен философиясында ерекше өз көрінісін тапқан қайталанбас өз тарихы бар, салт-дәстүрі бар дербес Шығыс қоғамын көрсетеді. Бүгінгі таңда Шығыс мәдениеті, өркениеті әлемдік деңгейде рухани мәдениеттің бар саласына белсенді әсер етіп, үлкен үміт арттырып отыр. Бұл еуропацентристік теориялардың жалпы әлемдік универсализмге ие бола алмай тұйыққа тірелген шағын көрсетіп отыр.

Өкінішке қарай, кезінде ұлы Гегель де Батыс философиясы Шығыс философиясынан әлдеқайда жоғары деп бағалағанын оның концепциясынан көреміз. Мұның бәрі отаршылдықтың көптеген ғасырлары Шығыс ойларының пессемистігі, инерттілігі делінетін менсінбей қараушылықпен белгілі [2, 9 б.]. Шығыс философиясына үңіле зер салсақ, оның ешқашан жалпы болмағандығын ең аз дегенде, үш дербес бағытта – үнді, қытай, араб-мұсылман болып дамығандығын көреміз. [3].

Бұдан біздің пайымдайтынымыз – Шығыс философиясының өзіндік бір дербес ерекшелігі бар ешқандай бұлжымай қатып қалған философия түрлерінің болмауы. Қайта бағыттардың әртүрлі қалыптарына, өміршендігі, не даналығына көз жеткіземіз. Қазақ философиясының тарихи даму ерекшеліктері, ұлттық философиямыздың идеялық бастау бұлағы қай уақыттан нәр алады? Сондай-ақ, қасиетті қазақ даласынан шыққан біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда өмір сүрген гректің ұлы жеті ғұламасының бірі деп танылған Платонның айтуы бойынша аты аңызға айналған скиф Анахарсис (Анарыс), одан кейінгі XI-XIII ғғ. аралығында өмір сүрген әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ұлы ғұлама ойшыл-философтардың асыл мұраларын, философиялық дүниетанымын, одан кейінгі XV-XVIII ғғ. өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының философиялық ойлары, XIX ғасырдың екінші жартысындағы философиялық ой-

дың дамуы, ағартушылар философиясы. Қазақ болмысы үшін философиялық емес қалыптағы даналық тән. Сондықтан да осы ұлы ғұлама тұлғалар арқылы, олардың кейінгі ұрпаққа қалдырған бай – мұралары арқылы қазақ философиясының іргетасын қалауға ат салысу, оны онан әрі ғылыми зерттеулер арқылы дамыту. Философия – өз заманының ой-пікірі, демек субъективтік жағынан алғанда белгілі бір ойшыл одан жоғары тұрғанымен, қалай да өз заманының перзенті болып қала береді.

Міне, осы ойшылдар, ақындар мен жыраулар – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады.

Қазақ халқының философиялық ой-пікірлерін зерттеу XX ғасырдың басынан қолға алына бастады. Бірақ бұл зерттеулерде сыңаржақ пен үстірт көзқарас басымырақ болды. Ал маркстік-лениндік методология тұрғысынан жазылған еңбектерде таптық редуцианизм мен партиялық принципке ерекше жол берілді. Олар түптеп келгенде философия тарихын идеология мақсатында бұрмалауға әкеліп соқтырды. Және бұл бағыт ғылымның дамуына кері әсерін тигізді. Бөтен елдің идеологиялық ықпалында болған дәстүрлі қазақ қоғамындағы социалистік сананың үстемдік алу кезеңі халықты мәдени ерекшелігі мен өзіндік болмысынан ажыратты. Бұл жалған идеалдарды және ішкі рухани дүниеге жат стереотиптерді қалыптастыруға жетеледі.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі көшпенділер ғасырлар бойында жазба мәдениеті болмаса да, ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып, әркілі ерекшеліктерге толы күрделі тарихи жолдардан өтті. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ертедегі философиялық ойлау элементтерінен бастап қазіргі замандағы толысқан философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы мол орын алады. Оның негізгі бағыттары ретінде тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттауы т.б. мәселелері болды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар – арнайы реализм, білімнің негізгі жақтары еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні тағы басқалар еді.

Осы аталған көзқарастар сынаржаққа, консерватизмге, тоқыраушылыққа және білімділікке, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да кемістіктерге қарсы бағытталады. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзінше ерекшелігі деп атап айтуға болады.

Қазақ философиялық ойының тағы да бір ерекшелігі деп оның шынайы патриотизмін, халқына сүйіспеншілігін, оның бақыты, мүддесі және болашағы үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз қадірінше анық, жан-жақты көрсете білуі дер едік.

Бұл айтқандар қазақ философиясы басынан ақ аяғынан тік тұрған, бірден қалыптасып кеткен жүйе деген пікір тумаса керек. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау – ол соңғы ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен, халықтың ақындық шығармашылығында қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Олар негізінен кездейсоқтық, жүйесіздік, қасиетке толы бір қалыпқа сия бермеуі мүмкін. Бірақ адамдардың бай әлеуметтік өмірін, халық даналығын көрсететін философиялық мәні бар еді. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз мәдениетіне сай, тез жаттап алу, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертпей, жоғалтпай, «ұрламай» жеткізу – бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Халқымыздың өмірін бейнелеген, адамдардың түйсігін, ойларын өскелең талабын көрсете білген фольклорда объективті шындықтың элементтері бар екенін байқаймыз. Халық эпостары, ертегілер, аңыздар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, мақалдар мен мәтелдер адамдарды табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-эко-

номикалық жағдайларды, ізгілік, мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білуінің куәгерлері. Ауыз мәдениетінің ескерткіштерін зерттеу халқымыздың танымдық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік-тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін білуге көмектеседі.

Табиғи және әлеуметтік өмірді тікелей бейнелеу, дүниенің құрылымы, оның жасырын күштері туралы тұрпайы түсінік – бұл қазақ философиясының бастапқы кездегі деңгейі еді. Ол кезде жүйелі және негізделген көзқарас болған жоқ, сондықтан да философияның басты бағыттары да айқындалмаған еді.

Қазіргі кезде тарихи – философиялық ғылымның көптеген халықтардың философиялық мұраларын зерттеген тәжірибелі ұлттың философиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі бағыттары туралы, оларды зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері жөнінде жиынтықталған, жалпы ойларды тұжырымдауға кең мүмкіндіктер береді. Қазақ философиясының тарихы халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және методологиялық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен тығыз байланыста. Сондықтан оны зерттеп, зерделеуімізше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын және т.б. пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз сапырылысқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге атсалысқан, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

Соңғы кезге дейін қоғамтану ғылымдарында әлеуметтік процестерді тану тәсілі ретінде таптық редуцианизм, яғни барлық қоғамдық рухани, мәдени, саяси т.б. құбылыстарды таза таптық айшықтарға әкеліп тіреу тәсілі үстем болды. Бұның өзі бірін-бірі жоққа шығару логикасы өмірдің объективті логикасын жалмап, жұтаңдатып көрсетуге әкеліп соқты. Қазіргі кезде жалпы адамзаттық айшықтар, идеялар ең жоғарғы құндылықтар есебінде танылғаннан кейін, философия тарихын зерттеудің ауқымы да кеңейді, бағыттары да нақтылана түсті. Соның бір мысалы ретінде негізінде «таптық күрестің» құрбандары болып кете барған қазақ халқының аяулы азаматтары әдебиетші, философ, ақын, саясаткерлердің өз ортамызды қайта жанғыртуы, философиялық кеңістікке жаңа идея-

лардың қосылуы және олардың қазақ философиясы тарихының жаңа беттерін ашуға тигізген жан-жақты әсерін атап айтуға болады.

Халықтың сана-сезімінің өсуі, тоталитарлық империяның күйреуі жас тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін, достық пен алауыздықтың айырмашылығын, халықтар тағдырларының ажырамас бағыттарының тарихи шындықтарын терең де мазмұнды ашып беруіне көп септігін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда біздер дүниежүзілік қоғамдастыққа қазақ халқының терең де тұңғыш философиялық ойларын, оның шынайы болмысын және өзіне тән мәдениетін көрсете білуіміз керек. Бұл мақсатты іске асыру жолында көптеген бұрыннан қалыптасқан, сіресіп қалған ұғымдар мен қағидаларды сын көзбен қарап, жаңаша методологиялық шешімдер жолын ұсынғанымыз абзал.

Қазақ философиясының көкейтесті мәселелерінің бірі – философияның пайда болу проблемасы. Қазіргі уақытқа дейін әлемдік философияның тарихында осы мәселе талай пікірталас туғызып жүр. Біріншіден, философияның дәл шыққан мерзімін белгілеу өте қиын. Екіншіден, философия деген ұғымның өзіне дәл анықтама беруге осы кезге дейін толық қол жеткен жоқ. Үшіншіден, қазақ философиясына келетін болсақ, жазба түріндегі оның мәселелері классикалық тұжырымдар арқылы берілген текстері жоқтың қасы.

Әлемдік философияда үш ошақтың (Қытай, Үнді, Грекия) шамалас бір мерзімде пайда болғанын білеміз. Ол орталықтар философияның әлеуметтік кеңістігіндегі жоғары деңгей еді және теориялық ойлаудағы дүниенің өзін жеке және тұтас ретінде бейнелеген алғашқы жүйелер болды. Философиялық ойдың тууына белгілі-бір алғышарттар қажет. Олар әлеуметтік, теориялық-танымдық, тарихи шарттар. Тарихи практика көрсетіп отырғандай, философиялық өркениеттің ұзақ дамуының жемісі.

Жалпы қалыптасқан көзқарас бойынша, философия экономикалық, саяси және идеологиялық жағынан нашар дамыған, көнедегі құлиеленуші қоғамнан, сол қоғамның жоғарғы сатысына өту кезеңінде пайда болды деп айтылады. Дегенмен әлеуметтік алғышарттар философияның пайда болуының тек тиісті жағдайларын түзеді. Қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарды жақтау немесе заңдастыру философияның алдындағы негізгі міндеттерінің бірі еді. Әлеуметтік институттар мен қоғамның құрылымын осы қатынастарды нығайтуға бағыттап философия өзінің аталған міндетін орындауға күш салады.

Біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап Қазақстанның қазіргі территориясында алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, оның орнына феодалдық әлеуметтік-экономикалық формация орныға бастады. Осы уақыттан бері барлық әлеуметтік өзгерістер оның ішінде сана ауқымында, феодалдық формацияның ішкі заңдылықтарымен айқындалады.

IX-XVIII ғасырлардағы Қазақстан жерінде орналасқан тайпалар, олардың көсемдері өз биліктерін, басқару құралдарын тәңірінің өзі берген күш ретінде есептеді. Оның жақын көрінісі болып қазақ философиясының ойындағы кездесетін ақсүйекті абзал әулеттердің «генеалогиясы». Кейініректе осы аталған идея биліктің заңды «табиғаты» күштілерді ғана қалайды деп, одан кейін де адамдардың әдет-ғұрпына, заңдылыққа, өнерге саяды. Осыдан келіп философияның шығу процесі әлеуметтік жағдайлармен қатар сол кездегі адам ойының даму процесімен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Философияның пайда болуына оның, тарихи алғышарты болған миф екені белгілі. Бірақ оны философия эпос арқылы өзгерген және жүйеленген кезінде ғана пайдаланды. Әрбір заманға байланысты эпос мифтің түрін өзгертіп отырды және сонымен қатар өнер мен бастапқы ғылым элементтерінің әсерімен философияның шығу процесін, оның қоғамдық сананың шығу және жаңа бір түрі ретінде қалыптасуын жеделдетеді. Мифологиялық көзқарас пен табиғат және қоғам туралы жаңа дамып келе жатқан ғылым элементтерінің арасындағы қайшылықтарды шешу философияның пайда болуының жолы деген де қалыптасқан тұжырымдар бар. Философия мифке тән дүниеге тұтас көзқарастың бағытын сақтауға тырысады. Соның негізінде не мифологиялық, не аллегориялық-көркем, не символикалық-діни, не нақты-ғылыми ойлау, бірақ олардың әрқайсысынан қабылданған түрлеріне сыймайтын, жаңа түсініктегі ойлау формаларын құрайды.

Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан одан да белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті танып білуге мүмкіндік бермесе тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау мифтің өзіне тән ерекшелігі. Адамға әлеуметтік басқару жүйесін таңып, оны түсініксіздеу әлдебір күштің әсерімен түсіндіру ғылым мен дамудың барысында оған сенбеушілік пайда болған жағдайда жеке адамға өзінің дүниеге көзқарасын өзгерту мүмкіндігін жетілдіру – бұл мифпен философияның ара салмағын ажыратудың бір жолы. Ақылмен ой қозғау, табиғаттың өзіне бет бұру, дұрыс көзқарастың қалыптасуы

философияның пайда болуындағы диалектикалық синтез, бастапқы қайшылықтардың шешілу процесі [4].

Қазақ тарихында көп кездесетін «рулық» генетизм осы қоғамның әлеуметтік-таптық бөлінуі және «аксүйекті» рулар пайда болған кезінде күшейді. Соңғылардың қоғамдағы «занды» орындары олардың төркіні құдайдан немесе батыр бабаларынан басталады деп түсіндірілді. Сөйтіп олардың әлеуметтік дүниенің қажетті және заңдастырылған бөлшегі ретінде қоғамдағы белсенді рөлі бекітілді. Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму тенденциясын біршама дұрыс бейнеледі. Осыдан келіп олардың көзқарасы ғана емес, қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мысалы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. ой жүйесі, олардың ақыл кеңесі айтқан тұжырымдары осыған дәлел.

Жалпы дүниежүзілік тарихтан белгілі болғандай, қоғам дамуының көп сатыларында алдыңғы орынға экономикалық мүдделер мен саяси қызметке қарағанда философиялық, этикалық, діни және т.б. проблемалар шығады. Олар азаттық және адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, өмір сүру және адамгершілік қасиеті, бостандық пен құлдық, керек болса «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған», «алтын ғасыр» және «ақыр заман» туралы және басқа мәселелер. Бұлар жұп категориялар ретінде де, немесе жекелей, әлде бәрі бірдей әрбір қазақ ойшылдарының көзінен таса қалмаған. Осы мәселелерді тиянақты ойластыру арқылы олар экономикалық, соғыс және саяси дағдарыстарды шешуде үлкен рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың көптеген мәселелері өзінің ауқымы жағынан ұлттық шеңберден асып жатады. Мәселен, ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ғана ие емес. Керісінше, оның түрлі ұлттық ерекшеліктері әлемдік жалпылықпен астарланып жатады. Қазақ ағартушысы жалпы ағартушылықтың бір түрі, оның ерекшеліктері: ұлттық мәселені басты проблема етіп қоюында, қоғамдық практикамен тығыз байланысты.

Жанадан қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының ой-өрісін көрсете отырып, ағартушылық халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға, оның бостандыққа, рухани азаттыққа жетуіне жәрдемдесті. Оның Қазақстанда қалыптасып, дамуына, негіз болған демократиялық элементтері, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры феодализмнен капитализмге өту барысында шыққан. Жалпы әлемге тән ағартушылыққа келетін болсақ, ол алдымен кейбір заманның әлеу-

меттік-саяси және идеологиялық сұранысына сәйкес белгілі-бір аймақта пайда болып, басқа аймақтарға тарай береді.

Қоғамдық ойдың ұлттық және әлемдік қарым-қатынасы қазіргі заманда, әлеуметтік қақтығыстар мен мемлекетаралық қайшылықтар бүкіл адамзатты қамтып отырған кезде ең маңызды мәнге ие болып отыр. Оның әлеуметтік және мәдени-психологиялық алғышарттары ретінде қоғамдастықтың қалыптасуын атауға болады. Қоғамдастық – бұл өзінше бір тарихи институт, оның пайда болуы арқылы қоғам өз мәніне ие болуының қабілеті деп қарау керек. Осы ұғым қоғамды құрушы күштердің әлеуметтік белсенділігі, өзін-өзі көрсете білудің бейнелері.

Біздің ойымызша, қазақ философиясында қоғамдық ой үш кезеңнен өтті. Олар – қоғам, қоғамдастық және қоғамдық пікір. Осы мәселе жеке бір зерттеуге тұрарлық.

Қоғамдық ой білімді, сананы және өзіндік сананы қамтиды. Сана мен өзіндік сана білімге үзеңгілес, сонымен бірге оның түрлері болып та келеді. Білім сананың өмір сүру тәсілі, ал өзіндік сананың қасиетті кезеңі және оның даму барысының әр кезіндегі ең жоғарғы шыңы. Қоғам дамуының белгілі-бір кезең жолында осы аталған үшеуінің бірі алға шығып, жетекші рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың бір бөлігі ретінде халықтық философияның және халықтық, саяси көзқарастарды айту керек. Күнделікті адамдардың іс-тәжірибесін даналық қолданып қана қоймай, ол оны ой-електен өткізіп қорытындылады. Алдыңғы қатардағы идеялардың әсерімен ойшыл осы күнделікті көрген-білгенінен терең де ауқымды ой жүйесін құрады. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі ойлау шеңберіне көтерілді және оқиғаларға философиялық, логикалық және ғылыми көзқарас қалыптасады.

Қазіргі әдебиетте философия және қоғамдық ойды бөліп қарамау белең алып кетті. Әсіресе, қазақ философиясы тарихына арналған ХХ ғ. 50-80 жылдардағы зерттеулерде осы көрініс орын алды. Философия тарихы өзінің сапалық өзгешелігінен айырылып, саяси идеялар тарихы және сол сияқтылар төңірегінде қалып қойды. Бұған себеп тағы да философияны, оның тарихын дұрыс түсінбеуде дер едік. Қазақ тарихының белгілі-бір кеңістіктік-уақыттық өлшемінде философиялық құбылыстарды үш белеске немесе үш кезеңге бөліп қарауға болар еді. Біріншісі, алғы философия деп аталық. Оған тән нәрсе объективтілік пен субъективтілікті өте нашар ажырата білетін сана. Оның негізінде ойлау іштей қайшылығы кем, қажетті дәлелденген теория құра

алмайды. Ол психологиялық образ, күйбең, эмоция деңгейінде үздік-үздік ойлар ретінде қалып қояды. Аталған элементтерді мифтік-көркемдік әдіспен ұйымдастыру арқасында дәл сол кезеңге сәйкес өзіндік семантикалық тұтастық пен семантикалық бірлік жасауға мүмкіндік туады. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихының ертеден бастап ХІІ ғасырға дейінгі кезеңдеріне тән болуы керек.

Екінші белесті философиялық кезең деп атауға лайық. Оған тән қасиет объективтілік пен субъективтілікті жоғары деңгейде ажырататын сана. Оның негізінде категориялар мен түсініктерді формальды-логикалық операцияларды қолдану арқылы теория мен концепциялар жасау. Басқаша айтқанда, ойлау дәрежесінің шеңбері ұлғайып, ауқымдалып, қоршаған дүниені, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жету. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихының, ХІV ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтуы заңды деп білеміз.

Үшінші белес теориялық және методологиялық қасиеттермен жандандырылған классикалық жүйеге ие болған және әлемдік рухани байлықпен ұштастырылған.

Қазіргі замандағы қазақ философиясы, оның өзіндік тарихи-ғылымын қазақ философиясының биік белестерінің бірі деп атаса да болар еді. Мұның бір ерекшелігі зерттейтін объектісі осы заманның ауқымынан шығып, келешекті, қазіргіні, өткенді жүйелі түрде рационалды ойлау процесінен өткізіп екшеуі, сондықтан өз бойында жаңа типті ойлау мәнерінің өрнегін таразылау, сақтау және жаңартуы.

Жоғарыда айтқан идеяларға сүйене отырып, қазақ философиялық ойларының қалыптасу бастаулары хронологиялық және мәндік жағынан үш кезеңнен тұрады дер едік. Бірінші кезең рух құрылысы үстем болып тұрған уақытты және соған сәйкес келетін алғы философиялық (философияға дейінгі) сананы қамтиды.

Екінші кезең ХХ ғасырдың басына дейінгі ойшылдардың, философтардың ілімі, мұрасы мен еңбектері. Оларда саналы түрде айтылған, жазылған ғылымға дейінгі және теориялық пайымдаулары орын тепкен әртүрлі бағыттағы көзқарастар. Бұларды қалыптасқан пікірлерді ескере отырып нағыз философиялық концепциялар деп атауға болады. Себебі ойшылдардың дүниеге көзқарастары олардың өздерінің ерекшеліктері арқылы әрқилы бағыттарға, жолдарға, қисындарға іштей бөлініп жатыр. Негізгі көксеген мақсаттары әрқилы әлеуметтік топтардың мүдделерін жоқтау, жақтау, көздеу немесе жою.

Үшінші кезең – ХХ ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейінгі қазақ философиясының негізгі принциптері, даму жолдары, жеткен биігі мен алынбай қалған шыңдары, жіберілген методологиялық, теориялық және концептуалды қателері, «ақтандақтар». Талдауға жататын мәселелердің бастылары – қазақ қоғамының экономикалық, саяси және рухани өміріндегі негізгі философиялық мәселелер. Сонымен бірге жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылым – қазақ философиясының тарихын қай тұрғыдан, қай теориялық деңгейден зерттеуіміз керек деген проблема қазіргі кезеңде өте үлкен орын алып отыр.

Философия тарихы методологиясының негізгі бір мәселесі жалпылық пен даралық қатынасы, ерекшеліктің орнын табу және сол ерекшеліктің дараға тән қасиеттерін анықтау. Былайша айтқанда жалпылық, ерекшелік, даралық диалектикасын ұлттық философия тарихы шеңберінде таразылау. Қазақ философиясының даму тарихы қалыптасқан өзге ұлттар философиясы мен олардың ішіндегі өнеге тұратындарынан өзгеше ерекшеліктері бар. Олардың негізінде қазақ халқының әлеуметтік тарихының, оның өзіне тән қилы-қилы дамуының нәтижесі жатыр. Қазақстан тарихы қоғамдық дамудың классикалық түріне жатпайды. Себебі ол алғашқы қауымдық құрылыстан тікелей феодализмге, одан капитализмге соқпай социализмге өтуге қарай дамыды. Соңғысы, қазір белгілі болғандай тарихи қателік еді. Адамзаттың даму процесіндегі даңғыл жолдан тайған тоталитарлық жүйе, философиялық ойда да тығырыққа тіреді. Ал феодализм қатынастар Қазақстан территориясында көптеген ғасырлар үстемдік етті. Капитализмнің дамуы ХХ ғасырдың басында біршама қарқын алғанымен, кенеттен үзіліп қалды. Осындай әлеуметтік ерекшеліктер барлық қоғамдық сананың, оның ішінде философиялық сананың қалыптасуына әсерін тигізбей қоймады.

Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы. Қазақ мәдениеті тарихтың әрқилы кезеңдерінде өзге мәдениеттермен біршама байланыста болып, олардан тікелей немесе жанамалай импульстер алып отырды. Сыртқы әсерлер, негізінен қазақ мәдениетінің ішкі мүдделеріне, оның тарихи қажеттілігіне, қандай мәселелерге зәру болуына байланысты өз пайдасын тигізіп отырды. Осындай ерекшеліктер қазақ философиялық ойлау жағдайларын қалыптастырып, ұлттық дәстүрлер мен бағыт-бағдарларын құрды.

Қазақ философиясы әлемдік философияның да бір бөлігі. Философия тарихына шынайы көзқарас қазіргі кезде оның құрамында әлеуметтік

кеңістік жағдайын ескерсек үш түрлі компоненттер бар екенін көрсетеді. Олар – ұлттық философия, аймақтық философия және әлемдік философия. Қазақ философиясында осы аталған үш философияның әсерлері әртүрлі болды. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырда орыс философиясы, маркстік философия және әлемдік философияның кейбіреулері тікелей әсер етті. Өз жағынан қазақ философиясының оларға ықпалы да болмады деп айта алмаймыз. Бұл өзі жеке зерттеуді күтіп тұрған мәселе болуы керек. Нәтижесінде жоғарыда айтылған философия тарихы дамуындағы жалпылық, ерекшелік және даралық диалектикасын ұлттық философияның өзекті мәселелерін зерттегенде көзден таса етпеу – методологияның бірден-бір сұранысы деп айтуға болады.

Халықтың қоғамдық санасының даму процесінде философиялық дәстүрлер қалыптасып күшейе түседі. Қазақтың әлеуметтік дамуының ерекшеліктері, тарихи өзгешеліктеріне қарамастан қазақ философиясы тарихында, оның әр кезеңдегі сатысында өзінше дамып отырған философиялық ойлардың ішкі байланысы бар екенін және олар бірін-бірі заңды түрде алмастырып отырғанын анықтауға болады. Ұлы Абай айтқандай «Адам бол» идеясы бұрынғы фольклордан бастап осы заманғы қазақ философиясына тән ортақ және ұдайы дамып келе жатқан идея.

Әбу Насыр әл-Фараби философиясында анық көрсетілгендей қазақ философиясы әрқашан «нақты адам қоғамына», бақытқа, теңдікке жету жолдарын қарастыруға бет бұрған.

Осындай жалпы қазақ философиясына тән ортақ дәстүрлермен қатар, оның өзінің ішкі бағыттары орын тепті. XX ғасырдың 60-80 жж. қазақ философиясындағы жаңадан қалыптасқан зерттеу бағыттары ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді жан-жақты және терең түсінуімізге қажетті жағдай жасады. Осы ретте қазақ философиясы тарихында көп рет кездесетін әлеу-

меттік утопизм туралы да айтпасқа болмайды. Жалпы әлеуметтік утопизм дегеніміз – бұл жеке және қоғамдық сананың сыңаржақ-ойлау тәсілдерімен бейне-концепция құруы арқылы жаңа түрдегі әлеуметтік ілім жасауға ұмтылуы. Ақын-жырау, билер мен көсемдер, ағартушылар мен философтардың көпшілігіне тән бұл құбылыстың негізгі гносеологиялық айшығы саналылық пен санасыздық, эмоция мен таза ойлау, төменгі дәрежедегі білімсіздік пен қалыптасқан білім дәрежесінің шекараларын ажырата білмеу, оларды жеке-жеке абсолюттеу деп ойлаймыз. Оған қоса утопизмге тән тағы бір айшық – ол ойлау дәрежесінің төменгі сатыда ғана ажыратылуы. Осыдан барып әрбір жеке утопист-ойшылдарға тән мынадай идея туса керек: ойлау жүйесі жеке дара ойшылдың өз қабілетімен жасалған сыртқы дүниенің бейнесі.

Әрбір ойшылдың әлеуметтік шындыққа дұрыс немесе бұрыс қатынасы оның өзі қабылдаған философиялық, теориялық және методологиялық принциптеріне байланысты. Ондай құбылыстар әлемдік философия тарихында кездеседі. Мәселен, Гегельдің «Шындықпен табысу керек» деген идеясы дұрыс қатынасты, ал Сократтың «майевтикасы» бұрыс қатынасты белгілейді.

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқаев және басқалары өмірдің объективті жағдайларын өзгертуде күшпен емес, сананы сол үдеріске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары – бостандық, тәуелсіздік, колониялық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды. Осы идеяларды негізге ала отырып қазіргі Қазақстан, оның халықтары, ең алдымен қазақтар өркениетті ел, егеменді мемлекет құрып, дамыған қоғамдастықтың терезесі тең мүшесі болуды мұрат етуде.

#### Әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы. – 1994. – 333 б.
- 2 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы. – 1996. – 9 б.
- 3 Степанян М.Т. Свообразие типов восточного философствования // Вопросы философии. – 1987. – №6. – С.158.
- 4 Богомолов А.С., Ойзерман Т.И. Тарихи-философиялық процесс теориясының негіздері. – М.: – 1983, 95 б.

#### References

- 1 Gumylev L.N. Kone turikter. A., 1994. 333 b.
- 2 Orynbekov M.S. Ezhelgi kazaktyn dunietyany. Almaty. – 1996. – 9 b.
- 3 Stepanjan M.T. Svoebrazie tipov vostochnogo filosofstvovaniya // Voprosy filosofii. – 1987. – №6. – S.158.
- 4 Bogomolov A.S., Ojzerman T.I. Tarihi-filosofijalyk process teorijasynyn negizderi. – M.: – 1983, 95 b.